

Д.С. Калиев^{1*}, А. Вентсель²

¹Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Тарту университеті, Эстония, Тарту қ.

*e-mail: dosekenty@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан өзінің жаңа ұлттық мемлекеттің қалыптасуына ықпал ететін өз ресми тарихнамасын қайта құра бастады. Басқа посткеңестік елдер секілді Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары территорияны ұлттандыру немесе ұлттық территорияны қалыптастыру мәселесін қолға алды. Өз мемлекеттілігін күшейткеннен кейін билік элитасы азаматтық бірегейлікті әлеуметтік және саяси қоғамның кепілі ретінде таңдағаны белгілі. Отандық және шетел зерттеушілердің пікірінше Қазақстанда азаматтық және этностық бірегейлік ұлт құрылысында қатар қолданылады. Мақалада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осы бірегейлік аясында Қазақстан қандай бағытты таңдағаны талданады. Зерттеу жұмысында қазақтар мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт екенін дәлелдеуі, Қазақстан жерінде ежелден қазақ этносы тұрғанын заңдастыру әрекеттері, мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ этносының тарихы мен символын қолданысы сипатталады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылында осы этнобағытты таңдау себептері талқыланады. Зерттеу методологиясы ретінде отандық және шетел зерттеушілердің еңбектерін қарастыру, тарих оқулықтары, ұлттық мемлекеттік құжаттарды, бағдарламаларды салыстыра анализ жасау болды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылында этнобағытты саясатын жүргізгені байқалды. Бұл саясат қазақ этносының ежелден бері осы аймақта мекен етіп келе жатқан халық екендігін дәлелдеуімен, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің саяси басшылығы жүргізген ұлттық саясатының негізгі мақсаты этникалық және азаматтық бірегейлік арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұруымен көрініс тапты. Негізгі ұлт құрылысы бағытын мемлекет, билеуші саяси элита тікелей беріліп отырғаны көрінді. Жаңа Конституция қабылданған кезеңнен бастап, ұлт құрылысында қоғамның азаматтық және этникалық бірегейлігін қалыптастыру мәселелері айқындалғаны байқалды. Жұмыстың нәтижесінде алынған қорытындылар Қазақстандағы ұлт құрылысына байланысты ғылыми жұмыстардың жазылуына және оны әрі қарай зерттелуіне септігін тигізеді.

Түйін сөздер: Ұлт құрылысы, тарихнама, символ, этнос, бірегейлік.

S.D. Kaliyev^{1*}, Aimar Ventsel²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Tartu University, Estonia, Tartu

*e-mail: dosekenty@gmail.com

Nation-building in Kazakhstan in the first years of independence

After gaining independence, Kazakhstan began to reorganize its official historiography, which contributed to the formation of a new national state. Kazakhstan, like other post-Soviet countries, has taken up the issue of nationalization of the territory or the formation of a national territory during the years of independence after strengthening its statehood, it is known that the ruling elite chose civic identity as a guarantee of social and political Society. According to domestic and foreign researchers, civil and ethnic identity in Kazakhstan is used in parallel in the construction of the nation. The article analyzes what direction Kazakhstan chose in the first years of independence against the background of this identity. The study describes the evidence that Kazakhs are the main ethnic nation that forms the state, attempts to legalize the existence of the Kazakh ethnic group on the land of Kazakhstan from time immemorial, the use of the history and symbol of the Kazakh ethnic group as a state-forming nation. The reasons for choosing this ethno-cultural center in the first year of independence will be discussed. The methodology of the study was the study of the works of domestic and foreign researchers, comparative analysis of history textbooks, national state documents, and programs. As a result of the study, it was noted that in the first year of independence, Kazakhstan pursued an ethno-oriented policy. This policy is reflected in the fact that the Kazakh ethnic group has been a people living in this region since ancient times, and the main goal of the national policy pursued by the country's political leadership since the first days of inde-

pendence is to maintain a balance between ethnic and civic identity. It seemed that the main direction of nation-building was directly transferred to the state, the ruling political elite. Since the adoption of the new Constitution, it has been noted that the issues of forming the civil and ethnic identity of society have been identified in the construction of the nation. The results obtained as a result of the work contribute to the writing of scientific papers related to nation-building in Kazakhstan and its further study.

Key words: nation-building, historiography, symbol, ethnos, identity.

Д.С. Калиев^{1*}, А. Вентсель²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Тартуский университет, Эстония, г. Тарту

*e-mail: dosekenty@gmail.com

Нациестроительство в Казахстане в первые годы независимости

После обретения независимости Казахстан начал перестраивать свою официальную историографию, способствующую становлению нового национального государства. Как и другие постсоветские страны, Казахстан за годы независимости взялся за национализацию территории или формирование национальной территории, т. к. после укрепления своей государственности властная элита выбрала гражданскую идентичность в качестве гаранта социального и политического общества. По мнению отечественных и зарубежных исследователей, Гражданская и этническая идентичность в Казахстане используется параллельно в построении нации. В статье анализируется, какое направление Казахстан выбрал в первые годы независимости в рамках этой идентичности. В исследовательской работе описываются доказательства того, что казахи являются основной национальностью государства, попытки легализации испокон веков казахского этноса на казахстанской земле, использование истории и символики казахского этноса как государствообразующей нации. Методологией исследования явилось рассмотрение трудов отечественных и зарубежных исследователей, сравнительный анализ учебников истории, национальных государственных документов, программ. В результате исследования было отмечено, что в первый год независимости Казахстан проводил политику этнической идентичности. Эта политика выразилась в доказательстве того, что казахский этнос, населяющий этот регион с незапамятных времен, с первых дней независимости основная цель национальной политики, проводимой политическим руководством страны, заключалась в поддержании баланса между этнической и гражданской идентичностью. Казалось, что направление строительства основной нации непосредственно передано государству, правящей политической элите. С момента принятия новой Конституции в построении нации были определены вопросы формирования гражданской и этнической идентичности общества. Выводы, полученные в результате работы, будут способствовать написанию и дальнейшему изучению научных работ, связанных со строительством нации в Казахстане.

Ключевые слова: нациестроительство, историография, символ, этнос, идентичность.

Кіріспе

Әлемде ұлт құрылысы процесс ретінде ешқашан аяқталған емес, этнос, ұлт, мемлекет мәселелері әрқашан сұрақ туындатқан өз шешімін таппаған десе болады. Қазақстанда азаматтық бірегейлік, ұлтшылдық, ұлтаралық конфликт салалары ең өзекті тақырыптарының бірі болып саналады. Ұлттық бірегейлік, ұлт құрылысы, азаматтық қоғам, этносаралық келісім, ұлттық құрылыс мәселелері зерттеу жүргізіп келе жатқан отандық ғалымдар Р.Қ. Қадыржанов (Қадыржанов, 2014) М.Ж. Сеңгірбаев (Сеңгірбай, 2019). Н.И. Айтымбетов (Айтымбетов, 2015). Ә.Н.Нысанбаев (Нысанбаев, Машан, Мурзалин, Турегулов, 2011)

В.Ю. Дунаев (Дунаев, Курганская, 2014) С.Ш. Мұсатаев (Мұсатаев, 2003). Д. Құдайбергенова (Құдайбергенова, 2016) Ә.Б. Асылтаева (Асылтаева, 2013) т.б. еңбектерінде осы ұлт құрылысын зерттеуде ерекше үлес қосты.

Сонымен қатар, Қазақстанның ұлт құрылысын қалыптастыруда тарихи аспектілерін қарастырған К.М. Байпақов (Байпақов, 2014). М.Қ. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2009). Н.М. Масанов (Масанов, 2002) Х.А. Арғынбаев (Арғынбаев, 2007) және тағы басқа ғалымдарды айтып өтсе болады.

Сонымен бірге, Қазақстан ұлт құрылысы мәселесі бойынша батыстық тұжырымдамаларды да кеңінен пайдаланылды. М.Ларюэль (Laruelle, 2015) Р. Брубейкер (Brubaker, 1999) Е. Смит

(Smith, 2002), Б.Андерсен (Anderson, 1992), С. Абашин (Abashin, 2012) т.б. сынды ғалымдар посткеңестік елдердің тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлт құрылысында таңдаған модельдерін зерттейді.

XX ғ. 90 – жылдары Орта Азия мемлекеттері өз ұлт құрылысын бастап кетті. Посткеңестік елдердің сол кезде ұлт құрылысына таңдаған моделі ұқсас болды. Посткеңестік елдер өз «ұлттық мемлекеттігін» дәлелдеуге, ұлттық территориясын заңдастыруға тырысты. Тарихын қайта жаза бастады. Әсіресе Орталық Азия мемлекеттері үшін тіл, тарих, территориясын ұлттандыру мәселелері өте маңызды болып саналды. КСРО ыдырағаннан кейін оның құрамында болған мемлекеттердің элиталары, тұрғын халықтарының мәдениеті, тілі, аймақтары бөлінген күйде қалды. Кеңес үкіметі жүргізген ұлт пен экономикалық саясаты халықтың көп бөлігін бөлінген титулдық ұлттарды мұраға қалдырды. Посткеңестік елдер арасында тәуелсіз алған кезеңде бірқатар этносаралық конфликттер болып өтті. Бұл этносаралық жанжалдардың себебі ретінде зерттеушілер Кеңес үкіметінің 1920-30 жылдарда жүргізген ұлттық-территориялық саясатына байланысты екенін алға тартады. Кеңес үкіметі кезінде бұл этносаралық қайшылықтардың қатты өршімеу себебі ретінде «кеңестік идеология» саясатын жатқызады.

Осындай шарттарда тәуелсіздік алған посткеңестік мемлекеттер жаңа ұлттық мемлекеттің қалыптасуына ықпал ететін өз ресми тарихнамасын қайта құру шараларын бастап кеткен болатын. Уилл Кимлицктің айтқанындай, барлық мемлекеттер ертелі-кеш өздерінің негізгі, титулдық мәдениетін (яғни «мәдени гегемонияны»), мемлекеттік тілін, символдарын мен ресми тарихнамасын анықтайтынын (Kumlicka, 1996: 65) көрсеткен. Қазақстан алғашқы тәуелсіздік алған жылдары ең алдымен ұлттық мәселелер алға шыққан болатын. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап тиімді ұлт құрылысы моделін, елдің даму бағыттарын айқындауға тырысты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ұлт құрылысын бағытын қарастыру маңызды болып табылады. Өйткені сол кезеңде таңдалған бағыт Қазақстанның ұлт құрылысын негізгі жолын жасап берді. Зерттеудің мақсаты тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан қандай бағыттағы ұлт құрылысын жүргізгенін анықтау. Неліктен алғашқы жылдары этнобағытты жол-

ды ұстанғандығы мәселелері бұл жұмыста талқыланады. Соған байланысты автордың міндеті:

- Қазақстанның алғаш тәуелсіздік жылдарында неліктен қазақ этносының мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт екенін дәлелдеу саясатын жүргізгенін анықтау.

- Мемлекеттің Қазақстан жерінде ежелден қазақ этносы тұратынын заңдастыру саясатын талқылау.

Осы міндеттерді зерттеу арқылы Қазақстан алғаш тәуелсіздік алғанда ұлттық мемлекет ретінде, халықаралық аренада бекітілу маңызды болды, соған байланысты мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ этносы таңдалғандығын автор болжайды. Өз мемлекеттілігін күшейткеннен кейін билік элитасы азаматтық бірегейлікті әлеуметтік және саяси қоғамның кепілі ретінде таңдағаны белгілі.

Зерттеу методологиясы

Отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін анализ жасалды. Қазақстанның ұлт құрылысындағы оның даму тенденциясы мен заңдылықтарын табу әдістері қолданылады. Тарих оқулықтарын, мемлекет қабылдаған бағдарлама, құжаттарды салыстыра анализ жасалды.

Нәтижелер мен пікірталас

Ұлт құрылысындағы бағыттар

Қазақстан қазақ тілді, орыс тілді қоғамды Кеңес үкіметінен мұра етіп алды. Сонымен қатар қазақтар арасында өз тілін жетік білмейтіндер бар еді. Осындай шарттарда Қазақстан үшін біріншіден алғаш тәуелсіздік алған жылдарда ұлт құрылысында қазақтар тарихнамада түбірлі «ұлт» және мемлекеттіліктің негізін құраушы ретінде дәлелдеу маңызды болды. Екіншіден этнотілдік қауымдастықтардың арасындағы балансты сақтауға тырысты. Бұл әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында этникалық және тілдік қарама-қайшылықтарды шиеленістірмеуге мүмкіндік берді.

Тарихнамада қазақтар мемлекетте түбірлі ұлт екендігі айтылды. Отаршылдық дәуірде қазақтар ассимиляцияның құрбаны болды. Сонымен қатар Қазақстан халқы этнос артықшылығына қарамастан біртұтас халық болып табылатыны айқындалды. Қазақи этно-мәдени өзекке негізделген азаматтық ұлтты қалыптастыру ұлт құрылысының басты бағытын билік оңтайлы

деп есептеді. 1995 жылы жаңа Конституцияның қабылдануы ұлт құрылысын қалыптастыруда этностық және азаматтық бірегейлік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысқандығы байқалады. Қазақстан ұлт құрылысында ел басшы-

лығы мықтап қолға алынғаны байқалады. Ресми тарихнаманы қалыптастыру ел билеуші элиталарының қолында болды. Тәуелсіздікке қол жеткізуде саяси элита мен халық біртұтас болды.

1-кесте – Ұлт құрылысындағы ұстанымдар

	Ұлт құрылысындағы бағыттар	Ресми тарихнаманы қалыптастыру
1	Қазақтар мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт.	1990 жылғы «Тәуелсіздік туралы Декларация» 1991 жылғы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» заңы. 1993 жылғы Конституция
2	Қазақтар отаршылдық саясаттың құрбаны болды. Тәуелсіздік үшін күрес жүргізді. Тәуелсіздік алысымен өз мәдениетін, дәстүрін қайта жаңғыртты. Қазақстан жерінде ежелден қазақ этносы тұрады	Аумақты ұлттандыру, тарихты қайта жазу, Отандық тарихты қайта қарау, көшелер мен елді мекендердің атауларын өзгерту, символдарды қайта жаңғырту, ұлттық стильдегі мемлекеттік нышандар. 1993 жылы 14 сәуірде қабылданған «Саяси қуғын –сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (1996,2007)
3	Басқа этникалық топтар Қазақстанға белгілі кезеңдерде қоныс аударылды. Қазақстан осы этникалық топтардың үміттерін ескереді, компромистік саясат жүргізеді. Азаматтық бірегейлік бағытындағы ұлт құрылысын жүргізеді.	1995 жылғы ҚР Конституциясы, Ел доктринасы, Қазақстан-2050 стратегиясы. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы

Қазақтар мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт екенін дәлелдеу

1989 жылғы халық санағы бойынша 16 миллионнан астам болса, қазақтардың үлес саны 39,7% болды (Козина, 2007) Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттің заңды мұрагері қазақтар екенін дәлелдеу маңызды болды. 1-суреттегі бірінші бағытта көрсетілгендей қазақтар Қазақстанда түбірлі ұлт екендігі айтылды қазақ этникалық қауымдастығын мемлекеттіліктің негізі ретінде жариялады. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің саяси элитасы қазақ халқының мемлекет құруын заңды екенін таныту үшін өзінің ұлттық нышандарын (мәдениет, тарих, тілін) қайта жаңғыртты. Осылайша қазақтардың ерекше рөлін көрсету – тәуелсіздік алған жылдардағы этнобағытты саясаты байқалды. Елдегі билік жаңа идеологиялық іргетасты қалыптастырды. Қазақстан кеңес дәуірінен кейін пайда болған елдер секілді ұлттық мемлекетті құру жолын ұстанды.

1991 жылғы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» заңында «қазақ ұлтының өзін-өзі билеу хұқын растай отырып», «Тарихи тағдыр ортақтастығы қазақ ұлтымен біріктірген Республиканың барлық ұлттарының азаматта-

ры Қазақстанның біртұтас халқын құрайды» деп жазылған. Осылайша, 1991 жылы қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңда қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығы жарияланған. Сол кездегі билік элиталарының ортақ мақсаты ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу болды. Бұл кезеңде қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар өте белсенді әрекет еткен еді. Этностық ерекшеліктері бойынша қарама қарсы тұрған элиталарда болды. Соған байланысты қазақтар мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт екенін бекіту маңызды болды. «Тәуелсіз тарихы» ұлттық мерекесі Қазақстанда жылсайын аталынып өтіліп келеді. Бұл мереке қазақтардың мемлекеттілігін және елдігін көрсетті. Қазақстанда алғашқы ұлт құрылысындағы этномәдени моделінің басымдылығы ең алғашқы 1993 жылғы Конституцияда көрінді. Конституцияда «Қазақстан – демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет. Өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді» дей отырып, этнобағытты жолын көрсеткен болатын. Қазақ ұлтының төңірегіне Қазақстан халқын топтастыру идеологиясы тұрғындар

арасында кеңінен қолдау таппады. 1995 жылы жаңа Конституция қабылданды. Бұл Конституция бойынша Қазақстан ұлт құрылысында этностық және азаматтық бірегейліктің арасында тепе-теңдікті ұстауға тырысқандығы байқалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Елбасы Н.Ә. Назарбаев ел бірлігі, тәуелсіздік, өзара келісім мәселелерін жиі айтып, елдің ең негізгі құндылығына айналдыруға күш салды. «Бірегейлендірудің бірінші деңгейі – біздің азаматтық әрі саяси бірлігіміз деп айтуға болады. Біздің қазақстандықтарда біртұтас саяси құндылықтар бар. Міндет осы құндылықтарды Қазақстан халқының азаматтық санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болса керек» деп жазады Елбасы «Тарих толқынында» деген еңбегінде (Назарбаев, 2010). Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін алғалы бері өз ерекшеліктеріне сай ұлттық саясат жүргізіп келеді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялық даму бағдарламасы, Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдаулары ұлтаралық қарым-қатынастың ерекше қазақстандық моделін қалыптастыруға жол ашты. Бұл мемлекетте бір этностың жоғары тұруына жол бермей, көпұлтты қоғамда этностық қақтығыстар мен наразылықтың алдын алуы еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан аумағын қазақ этносы мұраға алғанын айқындайтын ресми тарихнама қылыптастыру маңызды болды. Сөйтіп аумақты ұлттандыру процесі жүргізілді. Қазақ ұлтының ежелден осы аймақтар тұратыны туралы тарихнама қалыптасты.

Қазақстан жерінде ежелден қазақ этносы тұрғанын заңдастыру

Тәуелсіздіктің алғашқы кездерінен бастап ақ қоғамда азаматтардың санасында ұлттық сана және ұлттық бірегейлікті анықталуы мен қалыптасуы басты жолға қойылды. Ұлтты қайта жаңғыртуда республикада тұратын халықтарды біріктіретін ортақ естеліктер, нақты жерлер мен белгілі бір аумаққа байланысты тиістілік сезімі болуы тиіс.

Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері қазіргі уақытта өзара байланысты екі майданда (сыртқы және ішкі) өз заңдылығын нығайту мүддесінде өз тарихын жасайды. Алдымен барлық мемлекеттер сияқты, посткеңестік елдер сыртқы легитимділікке ұмтыла білді. Бұл

әр елдің қазіргі аумағының бірден-бір қожайын иегері ретінде аумақтық ұлт меншігіне алу үрдісінен байқауға болады. «Жер ол – «этникалық ландшафт», аумақ ол – «тарихи отанға» оны «жадты территорияландыру» (territorialization of memory)», – деп атауға болатынына Смит дәлелдеме келтірген (Смит, 1996: 453). Осылайша жаңа тәуелсіздік алған посткеңестік елдерде территорияны ұлттандыру немесе ұлттық территорияны қалыптастыру процесі жүргізілді.

Мемлекеттің аумағы ұлт құрылысын бастаған титулдық ұлттың негізгі шекарасымен жиі сәйкес келе бермейді. Мемлекет аумағының шекаралары сол ұлттың негізгі шекараларымен жиі сәйкес келмейтін болғандықтан, жеке автономия алу мәселелері талқыланып, ұлтаралық жанжалдарға себеп болуы ықтимал. Осыған орай «Мемлекет өз аумағының, территориясының бірден бір қожайыны екендігін дәлелдеу, заңдастыру үшін тарихқа жүгінеді. Әсіресе саяси жағынан территорияға деген басымдығын (онда бірінші кім келді) және ұзақтығын (кім барлығынан ұзағырақ болған) (Diener, 2002: 633) дәлелдеуге тырысады. Қазақстан басқа да тарихнамалық жобалармен қатар, мемлекеттік элиталар өзінің ұлттық бірегейлігін, қазақ этникасының қазіргі республика аумағының негізгі мұрагері ретінде тарихты қайта қалыптастыруға тырысты. Оған себеп ретінде мемлекетке түрлі тарихи кезеңде көшірілген автохтонды емес халықтардың қоныстануын айтуға болады. 1996 жылы Елбасы Қазақстан Тәуелсіздігінің бес жылдығында көне заманнан бастап Ресей отарлауына дейінгі қазақ халқының тарихын қозғады. XIX ғасырда қазақ даласындағы отаршылдыққа қарсы көтерілістері туралы айтты. Сонымен қатар, Елбасы Қазақстан халқының көпұлтты құрамының «бастауын» отарлаумен байланыстырды (Назарбаев, 2009: 262-263). Қазақстан тарихы оқулықтарында казак әскерінің қоныстанған кезеңін сипаттайды. XVIII ғасырда Қазақстанда және онымен шектес аумақтарда төрт казак әскері болды. Олар Жайық, Сібір, Орынбор және Жетісу казак әскерлері еді. XIX ғасырдың 60-90 жылдарла патша үкіметі Қазақстан аумағына славян тілді шаруаларды жаппай қоныс аударған болатын. Ал XIX ғасырдың 70-80 жылдары патша үкіметінің бастамасы бойынша ұйғырлар мен дүнгендер Жетісу жеріне қоныс аудара бастады Бұған дейін олар Қытайдың Іле өлкесінің аумағында тұрып келген еді деп ресми тарихнамада бекітілген (Асылбеков, 2010). Осы арқылы қазақтардан басқа этностардың Қазақстан

аумағына қалайша пайда болғаны туралы тарихнама қалыптасты. Осылайша қазақтардың осы аймақта қожайыны екендігі дәлелденеді, ұлт құрылысында негізгі ұйытқысы болатыны айтылады. Қазақстан қамқор, мейірімді ана ретінде, қазақтар-жомарт, қонақжай халық ретінде, басқа халықтарға өзінің құшағын ашқаны жазылды, айтылды.

Жалпы Орталық Азия халқының өз тарихнамасында шекара, аумақ, жердің қожайыны, иегері ретінде заңдастыру әрекетін, жерге деген көзқарасын ерекше екенін байқауға болады. Түркіменстандағы жылқының орны, Қырғызстанда Ыстықкөл, Өзбекстан рәміздерінің бірі ретінде мақта, Тәжікстандағы таулар, Қазақстанның шексіз даласы – осының барлығы Орта Азиялық ұлтшылдықтың жеке-леген түрлерінің визуалды иконалары болып табылады. «Орталық Азия мемлекеттері үшін территория, жер, аумақ – ұлт орналасқан кеңістік ғана емес, ұлттық символдың, шабыттың негізгі байлық көзі. Оған ландшафт, климат, флора және фауна – барлығы жатады» (Abashin 2012). Аумақ – ұлтты өз өлкесінің табиғатымен байланыстырады және адамдарға өз үйінде, ата-бабаларының жерінде, олар дүниеге келген және оларға тиесілі жерде өмір сүру сезімін береді.

Ұлт құрылысында мемлекеттер өзіндік тарихнама қалыптастыруда, әсіресе көпұлтты қоғамда анағұрлым сақ және икемді болуға мәжбүр болады. Бұрынғы Кеңестік Орталық Азия мемлекеттері ұлт құрылысында этникалық топимдерді пайдалануда гегемонистік тарихнамаға және «этникалық ұлт» процесіне бейімділігі көрінеді. Қазақстан, Өзбекстан мен Түркіменстан сияқты мемлекеттерде көрініс тапқан осындай үдерістің нәтижелері сол: өзге автохтонды емес қауымның едәуір бөлігі өздерін шеттетілген сезінеді. Хенна-як болжағанындай, аумақты, территорияны ұлттандыру, тарихи негіздемелері арқылы титулдық қоғамдастықтарды территорияландыру әрекеттері титулды емес топтардың ұлтқа жату сезімінің негізділігіне күмән тудырды. Титулды емес халық өз кезегінде титулды халыққа қарсылық ретінде өткен батырларын, бұрынғы егемен мемлекеттерін сипаттайды (Hennayake, 1992: 526). Этносаралық жанжалдардың туындауына өз аумағын ұлттандыру әрекеттері әсер етуі мүмкін. Бұл ретте әр түрлі қоғамдық-саяси күштер арасында шебер әрекет еткен Н.Назарбаевтың рөлін атап өтуге болады. Өйткені Қазақстанда алғаш тәуелсіздік жылда-

ры айтарлықтай елді дүр сілкіндіретін, ұзаққа созылған этникалық қайшылықтар орын алмады. Елбасы өз елінің мемлекеттік құрылысы процесінде шешуші тұлға болды. Қазақстан-қазақтардың байырғы жері ретінде айқындалды. Сонымен қатар Қазақстан елді мекен ететін барлық этностардың ортақ үйі ретінде тарихнама қалыптастырылды. Қазақтардың ежелден бері осы аймақта мекен етіп келе жатқан халық екендігін дәлелдеу, Қазақстан тарихын қайта жазу арқылы заңдастыруы шаралары іске асырылды. Бұл шараларды іске асыруда тарих және символ орны ерекше болды.

Ұлт құрылысында тарих және символ

Ұлт құрылысында маңызды орын алатын тарихнаманың тағы бір саласы ретінде тарихты атап өтуге болады. Тарих ұлт құрылысында ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Тарих идеология ретінде қоғамда ұлтты және ұлттық саясатты қалыптастыруда зор қызмет атқарады. Қазақстандық белгілі археолог ғалым К.М. Байпақов: «Өткеннің объективті бейнесін жасау Қазақстан Республикасының ұлттық бірлігін қалыптастыруға, оның мемлекеттілігінің пайда болуына және егемендігінің күшеюіне ықпал етуші бірден – бір фактор болып табылады (Байпақов, 2014: 117). Өйткені тарихи санада тек өткені емес, қазіргі және болашағына деген көзқарас қалыптасады. Титулдық ұлт өздерінің алтын дәуірге ие болғанын дәлелдеу үшін әдетте өткен шаққа жүгінеді. Тарих белгілі бір ұлттың өткенін, даму, құлдырау кезеңін түрлі жолдармен баяндай отырып, ұлттық сезімге әсер беріп, ұлттық болмысты жасауына ықпал етеді. «Этникалық топ бұрын болған кемсітушілікке ұшырап, өз тілін, мәдениетін, символикасы мен тарихын қайта құруға тырысады. Сонымен қатар, осы ұлтшылдық процесс шеңберінде ол этникалық азшылықтарды «ассимиляциялауға» немесе «ажыратуға» тырысады» (Smith, 2002). Яғни, мемлекет өзінің ұлттық идеологиясында тарихты қоғамдық санаға әсер ету үшін пайдаланады. Тарих ғылымы қоғамдық сананы тәрбиелеуде ерекше орынға ие. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін посткеңестік елдер тарихын қайта жаза бастады.

Қазақстан элитасының тарих жазуда мән берген тұсы тарихи оқиғаларды қайта жаңғырту, тұлғаларды ұлттық символдар негізінде қайта ұлықтау болды. Тәуелсіздік алған тұста тарихты революцияға дейінгі кезең қайтадан қарастырыла, жазыла бастады. Қазақтардың қалыптасуын андрон кезеңінен басталғаны айтылады тарих

оқулықтарында. Кейін сақтар, сарматтар, түркі халықтары, монғол шапқыншылығы, кейінерік пайда болған хандықтар және олардың мұрасын алған, жалғастырушы қазақтар екені жазылады. Осылайша қазақ халқының өзіндік этникалық болмысын айқындауда ежелгі заманғы тарихы назарға алынды.

Тәуелсіздік алған кезеңде тарихты революцияға дейінгі кезең қайтадан қарастырыла, жазыла бастады. Тарихты болашақ ұрпақ үшін қайта жазу және қайта ашу ғана емес, жер, аумағын легитимациясы үшін де, ұлттың өзін-өзі анықтауы үшін де маңызды маңызды болды. Мысалы, Маргуш, Хорезм, Соғды, Ферғана, Шаш, Сырдария жазирасы, Шығыс Түркістан аумақтарын Қазақстанда мекен еткен халықтардың игергені туралы жазылды. Ғұндарды тарихта алдыңғы қатарға шығарды, олардың Азия мен Еуропаны байланыстырушы ретінде қарастырды. Түркі мәдениеті, қыпшықтардың әлем өркениетіне ықпалы болғандығы тарихнамада алдыңға қатарға шығарылды. Ғұн, қыпшақтарды Қазақстан территориясында ғана емес, басқа аймақтағы халықтың қалыптасуына үлес қосқаны туралы айтылды. Сонымен қатар символ, миф, тұлғаларды қайта жаңғыртуын елтаңбадан, жалау, ту, теңге шығарылғанда көрінді. Осылайша, ұлт құрылысында тарихты жаңадан құрастыру, қайта жаңғырту байқалды.

Тәуелсіздік жылдары ең өзекті тақырыптар ретінде: Қазақстанның Ресейге қосылуының жекелеген мәселелері, 1916 жылғы көтерілістер, ашаршылық, сталинизм, 1937-1938 жылдардағы қазақ зиялыларының жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы, репрессия жылдары, жоңғар шапқыншылығы, Патша үкіметіне қарсы көтерілістер, тың игеру, 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары талқыланды. Осы орайда, Қазақстанда «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. 1937-38 жылдардағы қуғын сүргінге ұшыраған зиялылар ақталды. Тәуелсіздік алған тұстағы тарихтың талқыланған тақырыптары қазақ халқының түп тамырына оралу, қайта жаңғырту мақсаты көрінеді. Бірақ Қазақстан-Ресей арасындағы байланыстар мәселесінде Қазақстан тарихында өте сақ жазылғаны байқалады. Ашаршылық, қазақтардың Ресей патшалығына қол астына мәселелері сұрақтары ашық күйде қалды, бекітілмеді.

Ұлт құрылысында, ұлттық бірігейлікте символдарды, мифті қайта жаңғыртуда тарих-

тың орны ерекше. Тәуелсіздігін алған елдер өзінің тарихтағы ұлттық символдарын қайтадан жаңартады және қолданысқа енгізеді. «Мифтерсіз, естеліксіз және символдарсыз, олардың көмегімен топ мүшелерін «бөтен адамдардан» ажырату, ұлт мүшелерін ұйыстыратын мәдени элиталарсыз нақты этнос болуы мүмкін емес (Smith 2002). Қазіргі заманның бейнесін өткен тарихта бейнелеу үшін тарихты, тарихнаманы мифтендіреді. Халықтарды біріктіретін жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолында мифке жүгінбеу мүмкін емес. Мифтер топтың ортақ тағдырын түсінуді оятады. Осылайша ұлт құрылысы жаңа қиялы қауымдастықты жаңғырту және сипаттау үшін өткен шақты негізге алады. Жалпы мифтер мен естеліктер этникалық өмір сүрудің маңызды сипаттамалары болып табылады. Ұлттың «алтын ғасыр», жаумен азап пен соғыстар жазылған тарихы болуы тиіс екенін көрсетеді. Бұл фольклор түріндегі естеліктер «тарихи этносимволизм» деп аталатын ұлттық құрылыстың барлық процесіне қолданылуы мүмкін (Smith, 2002b: 14).

Сонымен қатар, посткеңестік елдер өздерінің тәуелсіздігін алысымен жаңадан ұлттық және мемлекеттік құрылысты қалыптастыруда кеңестік символдарды жаппай жоюмен айналысты. Посткеңестік елдер қалалар мен көшелердің атын өзгертуден бастады. Коммунистік қоғам қайраткерлерінің есімдері бірте-бірте алмастырыла бастады. «Қала атауы» қоғамның дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған репрезентация жүйесі ретінде жұмыс істейді (Palonen, 2008: 220). Қаланың атауын өзгерту-«Халықтың географиялық естелігін қайта қалыптастыруда биліктің қоғамдық жақты қайта жаңғыртуы» болып табылады (Azaryahu, 1996: 328). Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласының бұрынғы атауы Фрунзе болған. Қырғызстан тәуелсіздік алысымен, қалаға бұрынғы XIX ғасырдағы өз атауын берді. Тәжікстанның ірі қаласы Худжандтың бұрынғы атауы Ленинабад еді. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласының бұрынғы атауы Целиноград болатын. Бұл символдар ұлттар мен халықтың тарихи және ұлттық санасының қайта оянуына үлесін қосады. Қазақстан ұлт құрылысында халықтың санасынан кеңестік қалдықтардан тазарту мақсатында кеңестік символдардан деидеологизациялаудан бастады. Осылайша Қазақстанда саяси, мәдени, тарих салаларында кеңессіздендіру үрдісі байқалды. Қазақстанның барлық өңірлерде, және көше

атаулары өзгертілді. Бұрынғы кеңестік қайраткерлердің орнына Қазақтан тарихи тұлғаларының аттарымен атала бастады. Қазіргі таңда Қазақстанда қуғын сүргінге ұшыраған азаматтар толықтай ақталып, олардың есімдері көшелерге, елді мекендерге қойылды. Сонымен қатар кейбір кеңестік мерекелерді мемлекеттік деңгейде тойлау тоқтатылды. Қазақстандағы ұлттық мәселелерді зерттеумен айналысатын ғалым Р.Қ.Қадыржанов (Қадыржанов, 2014) (Қадыржанов, 2014: 131) ұлттық бірегейліктің қалыптасуын ұлттық идея, патриотизм, ұлттық тарих, миф, тіл және басқа да мәселелермен тығыз байланыста қарастырады. Тарихи символизм ұлт құрылысында өз орнын ойып тұрып алатынын білеміз. Әр мемлекет қоғам қайраткерлерін, батырларын, елге рух беретін бірегейлігін күшейтетін тұлғаларды өз тарихында тарихи символдар ретінде қалыптастырады. Көпұлтты елдерде тарихтың жазылуындағы міндет үлкен күрделі жұмыстар жүргізіп, этно-символдарды дұрыс қоя білу. Ұлт құрылысын тек біржақты ашық ұлттық саясат жүргізу деп түсінбеу керек. Сондықтан, ресми тарихнаманы, тарихты, символдарды құрастыру өте жоғары, сақ жасалуы тиіс. Ұлттық мәселе саяси биланып кеткен кездегі Грузиядағы, Әзірбайжан мен Армения арасындағы қақтығыстарға алып келгенін бәрімізге белгілі. Тарихшылар белгілі бір ұлттың тарихын жазу мен түсіндіру кезінде барынша шынайы, объективті түрде баяндауы абзал болып табылады. Сонымен Қазақстан ұлт құрылысында тарихи символдар, мифтер, тарихи оқиғалар қоғамда тарихи санада зор қызмет атқарады. Өйткені әрбір жеке тұлға мемлекеттің символикасы негізінде сол елдің азаматы ретінде өзін-өзі толықтай сезінеді. Символдар ұлттың өткені, бүгіні, болашағы арасын байланыстырушы ерекше белгі.

Талқылау және нәтижелер

Қазақстанның тәуелсіздікті жаңадан алуына байланысты, ұлттық бірегейленудің жаңа бағыттың, бағдардың пайда болғанын байқаймыз. Осы кезеңде жаңа құндылықтар пайда болды. Тәуелсіздік жылдарындағы жүргізілген бағыт мемлекет құрушы негізгі этностың ұлттық санасының нығаюына және дамуына әсер етті. Халықаралық аренада ұлт ретінде мемлекеттігі дәлелденді. Отарлық саясаттың әсерінен даралығын жоғалтуға шақ қалған қазақ халқының элитасы қазақ ұлтының мемлекеттің

бірден-бір қожайыны иегері ретіндегі ұлт құрылысын жүргізуін талап етеді. Сондықтан жаңадан тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан барынша қазақ ұлтының ұлттық сана-сезімін жаңғытуды күн тәртібіне қойды. (Асылтаева, 2013) Ал қазіргі кезеңде әр этностың құқықтық, саяси мәртебесі 1995 жылғы заңда анықталған, жалпы ұлттық Қазақстан азаматын құру идеясы алдыңғы орында.

Қорытынды

Қазақстандағы тарихнаманың ерекшелігі ол елдің сыртқы және ішкі саясатқа, қоғамдық санаға байланысты екені байқалады. Ресми билік тарихты саяси және қоғамдық, экономикалық шешімнің ілті ретінде қарастырады. Қазақстанда Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлт құрылысы мәселелері ел басшылығының ерекше бақылауында болды. Қазақ халқының ұлт құрылысында негізгі ұйытқысы болатыны айтылады. Ұлт құрылысында негізгі бағытты билік элиталары беріп отырды. Қазақстанда жалғыз ұлт құрылысын «Мемлекет» қана іске асыру керек деген түсінік қалыптасты. Бұл жерде «мемлекет»- ұлт құрылысының бағытын беретін билік элиталарын айтамыз. Ұлт құрылысындағы негізгі міндеткерлікті мемлекет алғанын, жаңадан тәуелсіз алған елдерден немесе тоталитарлық режімнен демократиялық режімге өткен мемлекеттерден байқауға болады.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері дербес мемлекет ретінде саяси сананы мен ұлттық сананы кеңесіздендіру үрдісін жұмсақ және болса да қолға алынды. Алғаш тәуелсіздік алған жылдарда төл этностың негізінде ұлттық мемлекет құру бекерге тағдалған жоқ. Қазақстан халықаралық саясатта өзін субъективті, ұлты бар мемлекет екендігін дәлелдеуін мақсат етті. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің саяси басшылығы жүргізген ұлттық саясатының негізгі мақсаты этникалық және азаматтық бірегейлік арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру болды.

Көпұлтты елдерде ұлтаралық қатынас ең өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан ұлт құрылысы процесі әлі жалғасуда. Ұлт құрылысы мемлекеттің саяси, әлеуметтік, мәдени саласын қамтыды. Тәуелсіздігін бекіткеннен кейін ұлт құрылысындағы ұстаным Қазақстанның барлық этникалық топтарын бірыңғай азаматтық қауымға біріктіруді мақсат етті. Этностық белгілерге негізделген негізделген азаматтық

бірегейлікті қалыптастыруды көздеді. Елдегі әр халықтың мәдениеті мен тілдеріне дамуына барынша жағдай жасала отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қажет екенін байқауға болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап билік элитасы ел бірлігі, тәуелсіздік, өзара келісім мәселелерін жиі айтып, елдің ең

негізгі құндылығына айналдыруға күш салды. Әрине көпұлтты мемлекетте ұлт құрылысын жасау өте күрделі екенін ұмытпауымыз шарт. Қазақстандағы бүкіл ұлттар Қазақстанды отаным деп сезініп, тілін, тарихын мойындап атсалысқан кезде ұлт құрылысының жемісті жүргізгенін айтуға болады.

Әдебиеттер

- Abashin, S. (2012). Nation-construction in post-Soviet Central Asia. *Soviet and Post-Soviet Identities*. M. Bassin, C. Kelly (eds.), *Cambridge University Press*, p.150–168.
- Anderson, B. (1992). *Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism*. 2nd ed. London: Verso.
- Alexander, C. Diener. (2002). National Territory and the Reconstruction of History in Kazakhstan. *Eurasian Geography and Economics*, 43(8), 632-650.
- Azaryahu, M. (1996). The Power of Commemorative Street Names. *Environment and Planning D: Society and Space*, 14(3), 311-333. <https://doi.org/10.1068/d140311>
- Brubaker, R. (1999). The Manichean Myth: Rethinking the Distinction between ‘Civic’ and ‘Ethnic’ Nationalism,” in Hanspeter Kriesi, ed., *Nation and National Identity: The European Experience in Perspective*, 55–71.
- Diana, T. Kudaibergenova (2016) The Use and Abuse of Postcolonial Discourses in Post-independent Kazakhstan. *Europe-Asia Studies*, 68(5), 917-935
- Masanov, N., Karin, E., Chebotarev, A., & Natsuko, O. (2002) *The Nationalities Question in Post-Soviet Kazakhstan*. (Reports № 51) Jetro, Institute of developing economies. <https://www.ide.go.jp/English/Publish/Reports/Mes/51.html>
- Laruelle, M. (2015) The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan: Kazakhness, Kazakhstanness, and Transnationalism,” in Mariya Omelicheva, ed., *Nationalism and Identity Construction in Central Asia: Dimensions, Dynamics, and Directions* (Lanham, MD: Lexington Books).
- Palonen, E. (2008). The City Text in Post-Communist Budapest: Street Names, Memorials, and the Politics of Commemoration. *GeoJournal*, 73(3), 219-230
- Senggirbay, M. (2019). Ethnic Identity of Kazakhstani Russians: The Dynamics of Change and the Place of Russia as a Kin State. *Journal of Nationalism, Memory & Language Politics Volume 13*(1), 67-89.
- Shantha, K. Hennayake. (1992). Interactive ethnonationalism An alternative explanation of minority ethnonationalism. *Political Geography*, 11(6), 526-549.
- Smith, A.D. (1996). Culture, Community and Territory: The Politics of Ethnicity and Nationalism. *International Affairs (Royal Institute of International Affairs 1944-)*, 72(3), 445-458.
- Smith, A.D. (2002). When is a Nation. *Geopolitics*, 7(2), 5-32.
- Will Kymlicka. (1996). *Multicultural Citizenship Oxford: A Liberal Theory Minority Rights*. Clarendon Press, p. 189.
- Айтымбетов Н.Ы. Ұлттық бірегейлік – Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасу факторы. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2015. – 124 б.
- Асылбеков және т.б. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768 б.
- Асылтаева Э.Б. Қазақстан қоғамының демократизациялануы контексіндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2013. – 142 б.
- Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов / Ред. кол. Е.М. Арын и р. – 2-ое изд., доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – С.242
- Байпаков К.М. «Известия национальной академии наук Республики Казахстан». Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан и задачи отечественной археологии. К подготовке 10-ти томной истории казахов и Казахстана. Алматы, 2014. – 226 с.
- Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Экология культуры в национальных картинах мира. – Алматы, 2014. – 280 с.
- Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.
- Козина В.В. Демографическая история Казахстана: Учеб. пос.- Караганда.:Изд-во КарГУ, 2007. – 145 с.
- Қойгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.
- Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық жалпыұлттық идеяның азаматтық қоғам қалыптастырудағы рөлі // Саясат. – 2003. – №10. – 24-27 б.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында: монография / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: Жібек жолы, 2010. -149-150 б.
- Назарбаев Н. А. Избранные речи. Том III.- Астана: Изд-во Сарыарка, 2009. – 582 с.
- Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Турегулов А. Эволюция политической системы Казахстана.- Алматы, 2011. – 533 с.

References

- Abashin, S. (2012). Nation-construction in post-Soviet Central Asia. *Soviet and Post-Soviet Identities*. M. Bassin, C. Kelly (eds.), Cambridge University Press, p.150–168.
- Anderson, B. (1992). *Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism*. 2nd ed. London: Verso.
- Alexander, C. Diener. (2002). National Territory and the Reconstruction of History in Kazakhstan. *Eurasian Geography and Economics*, 43(8), 632-650.
- Azaryahu, M. (1996). The Power of Commemorative Street Names. *Environment and Planning D: Society and Space*, 14(3), 311-333. <https://doi.org/10.1068/d140311>
- Brubaker, R. (1999). The Manichean Myth: Rethinking the Distinction between ‘Civic’ and ‘Ethnic’ Nationalism,” in Hanspeter Kriesi, ed., *Nation and National Identity: The European Experience in Perspective*, 55–71.
- Diana, T. Kudaibergenova (2016) The Use and Abuse of Postcolonial Discourses in Post-independent Kazakhstan. *Europe-Asia Studies*, 68(5), 917-935
- Masanov, N., Karin, E., Chebotarev, A., & Natsuko, O. (2002) The Nationalities Question in Post-Soviet Kazakhstan. (Reports № 51) Jetro, Institute of developing economies. <https://www.ide.go.jp/English/Publish/Reports/Mes/51.html>
- Laruelle, M. (2015) The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan: Kazakhness, Kazakhstanness, and Transnationalism,” in Mariya Omelicheva, ed., *Nationalism and Identity Construction in Central Asia: Dimensions, Dynamics, and Directions* (Lanham, MD: Lexington Books).
- Palonen, E. (2008). The City Text in Post-Communist Budapest: Street Names, Memorials, and the Politics of Commemoration. *GeoJournal*, 73(3), 219-230
- Senggirbay, M. (2019). Ethnic Identity of Kazakhstani Russians: The Dynamics of Change and the Place of Russia as a Kin State. *Journal of Nationalism, Memory & Language Politics* Volume 13(1), 67-89.
- Shantha, K. Hennayake. (1992). Interactive ethnonationalism An alternative explanation of minority ethnonationalism. *Political Geography*, 11(6), 526-549.
- Smith, A.D. (1996). Culture, Community and Territory: The Politics of Ethnicity and Nationalism. *International Affairs (Royal Institute of International Affairs 1944-)*, 72(3), 445-458.
- Smith, A.D. (2002). When is a Nation. *Geopolitics*, 7(2), 5-32.
- Will Kymlicka. (1996). *Multicultural Citizenship* Oxford: A Liberal Theory Minority Rights. Clarendon Press, p. 189.
- Aitymbetov N.Y. (2015) Ultyk biregejlik – Kazakstannyn sajasi madenietinin kalyptasu faktory. [National identity is a factor in the formation of the political culture of Kazakhstan]. *Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)*, pp. 124.
- Asylbekov zhane t.b. (2010) Kazakhstan tarihy (kone zamannan buginge dejin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. Almaty, Atamura, vol.3. pp. 768.
- Asyltaeva A.B. (2013) Kazakhstan kogamynyn demokratizacijalanuy konteksindegi azamattyk biregejliktin kalyptasu erekshelekteri [Features of the formation of civic identity in the context of the democratization of Kazakhstan’s society] *Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)*. Almaty, pp. 142.
- Argynbaev H.A. (2007) Istoriko-kul’turnye svyazi russkogo i kazahskogo narodov [Historical and cultural relations of the Russian and Kazakh peoples] *Aryn, Astana, Altyn kitap*, pp. 242.
- Bajpakov K.M. (2014) «Izvestija nacional’noj akademii nauk Respubliki Kazakhstan». Koncepcija stanovlenija istoricheskogo soznaniya v Respublike Kazakhstan i zadachi otechestvennoj arheologii [“Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan”. The concept of the formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan and the tasks of national archeology]. To prepare a 10-volume history of the Kazakhs and Kazakhstan. Almaty, pp. 226.
- Dunaev V.U., Kurganskaja V.D. (2014) Yekologija kul’tury v nacional’nyh kartinah mira [Ecology of culture in national pictures of the world]. *Almaty*, pp. 280.
- Kadyrzhанov, R.K. (2014) Jetnokul’turnyj simvolizm i nacional’naja identichnost’ Kazakhstana [Ethno-cultural symbolism and national identity of Kazakhstan] / Pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj. – Almaty: Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies. KN MES RK, pp. 168.
- Koigeldiev M.K. (2009) Stalinizm i represii v Kazakhstane 1920-1940-h godov [Stalinism and repression in Kazakhstan in the years 1920-1940]. *Almaty*, pp. 448.
- Kozina V.V. (2007) Demograficheskaja istorija Kazakhstana [Demographic history of Kazakhstan] Training manuals. Karaganda. KarGU Publishing House, pp. 145.
- Musataev S.S. (2003) Kazakstandyk zhalpyul’ttyk idejany azamattyk kogam kalyptastyrudagy roli [The role of Kazakhstan’s national idea in the formation of civil society]. *Politics*, no 10, pp. 24-27.
- Nazarbaev N.A. (2010) Tarih tolkynynda [On the wave of history] monograph / N.A. Nazarbaev. – Almaty, Zhibek zholy, pp. 149-150.
- Nazarbaev N. A. (2009) Izbrannye rechi [Selected speeches]. *Tom III, Astana, Izd-vo Saryarka*. pp. 582.
- Nysanbaev A., Mashan M., Murzalin Zh., Turegulov A. (2011) Yevoljucija politicheskoy sistemy Kazakhstana [Evolution of the political system of Kazakhstan]. *Almaty*, pp. 533.